



www.taldykorgan-online.kz

e-mail: taldyk@bk.ru



№52

(1894) Жұма, 26-желтоқсан 2025 жыл, Республикалық қоғамдық-саяси газеті

САЯСАТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЖОҒАРЫ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Санкт-Петербургте өткен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің (ЖЕЭК) кезекті отырысында сөз сөйледі.

Мемлекет басшысы қонақжайлық танытып, іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін Президент Владимир Путинге ризашылығын білдірді. Сондай-ақ Жаңа жыл қарсаңында Петербургтегі дәстүрлі кездесу жылды қортындылап, алдағы күнге жоспар құруға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Президент биыл Еуразиялық экономикалық одақ үшін мерейлі жыл болғанын еске салды. Ұйым дамудың екінші онжылдығына батыл қадам басты. Осы кезең ішінде өзара сауда-саттық тұрақты түрде өсіп, ірі инфрақұрылым жобалары табысты жүзеге асты және өнеркәсіп кооперациясының аясы кеңейе түсті.

Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы жылдардағы жаһандық дүрбелеңдерге қарамастан, ұйымға мүше мемлекеттердің экономикалық даму қарқыны бәсеңдемегеніне тоқталды.

— Биыл ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің жиынтық ІЖӨ көлемі 2 пайызға ұлғаймақ. Алдағы екі жылда ІЖӨ өсімі тұрақты болады деп болжанып отыр. Еуразиялық экономикалық одақ құрылғалы бері ұйым елдерінің бір-біріне салған тікелей инвестиция көлемі 20 миллиард доллардан асты. Қазақстанға келген инвестиция жеті еседей өсті (2015 жылы 600 миллион доллар, 2024 жылы — 4 миллиард доллар). Өнеркәсіп өнімі 29 пайыз артып, 1,5 триллион долларды құрады, — деді Мемлекет басшысы.

Президент ЕАЭО-ның экономикалық әлеуетін одан әрі нығайту қажет екеніне назар аударып, интеграциялық бірлестікті дамытудың басым бағытта-рын айқындады.

— Әлем жаппай цифрлық трансформация мен жасанды интеллект дәуіріне қадам басты. Уақыт ағымынан қалмай, заманауи технологияларды ЕАЭО-ға мүше елдер экономикасының барлық саласына енгізу қажет деп санаймын. Жасанды интеллект технологиясын ЕАЭО қызметіне енгізе бастауды ұсынамыз. Атап айтқанда, мұндай жүйелерді сауда ағынын жоспарлауға және кедендік баж салығының ықпалын бағалауға қазірдің өзінде пайдалануға болады. Келесі жылы Қазақстан ұйымға төрағалығы аясында дәстүрлі Еуразия экономикалық форумын өткізеді. Осы жиында Экономикалық одақ кеңістігінде Жасанды интеллектті жауапкершілікпен пайдалану туралы бірлескен мәлімдеме



қабылдауға болар еді, — деді Мемлекет басшысы. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, ЕАЭО әлемдегі маңызды көлік-логистика торабы бола алады.

— Бірлестік құрамындағы мемлекеттердің аумағы арқылы Батыс Қытай — Батыс Еуропа, Солтүстік — Оңтүстік, Транскаспий халықаралық көлік бағдары секілді негізгі дәліздер өтеді. Қазақстан шетелдік серіктестермен бірге (Ресей Федерациясында, Қытайда, Әзербайжанда және басқа да елдерде) халықаралық мультимодальды логистика орталықтары мен терминалдар желісін (Румыния мен Мажарстанда) дамытуды белсенді қолға алды. Серіктестерімізді сауда-саттықты жандандырып, жүк тасымалы шығынын азайту үшін ұйымға мүше өзге мемлекеттерді де осы іске атсалысуға шақырамыз, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Каспий жағалауындағы теңіз инфрақұрылымы арқылы ынтымақтастықтың мүмкіндіктеріне жол ашылатынын жеткізді. Президенттің айтуынша, Каспий теңізіндегі негізгі порттарда орналасқан заманауи контейнер хабтары ұдайы ұлғайып келе жатқан жүк тасымалына қызмет көрсете алады. Бұл ретте ол ұйымға мүше елдердің транзит әлеуетін нығайтуға серпін беретін Кеме қатынасы туралы келісімнің күшіне енуін жеделдетуге шақырды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, әлемде сұранысқа ие, қосылған құны жоғары өнім шығаруға бағдарланған

жаңа өндіріс орындарын дамытуға баса мән берген жөн.

— Еуразия даму банкі сарапшыларының есебіне сәйкес, ЕАЭО елдерінің өнеркәсіп тауарларын шығару және экспорттау бойынша қосымша мүмкіндігі 67 миллиард долларға бағаланады. Осы әлеуетімізді толық пайдалансақ, түпкі нәтижесі 500 миллиард долларға жетуі ықтимал. Аталған мақсатқа жету үшін өнеркәсіп кооперациясын күшейту қажет. Бұл орайда серпінді инновациялық жобаларға инвестиция құйған жөн, — деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы өзара сауда-саттықтағы әкімшілік кедергілерді толықтай жоятын уақыт келгенін мәлімдеді.

— Азаматтардың еркін қозғалуына мүмкіндік бермейтін қолдан жасалған шектеулерді алып тастап, шекарадағы жүк көліктерінің ұзын сонар кезегін жою қажет. Кедендік реттеу және (көлік, санитарлық, ветеринарлық, фитосанитарлық) мемлекеттік қадағалау шаралары ұйым ішіндегі кейбір шешімдерді өткізу құралы ретінде қолданылмауға тиіс. ЕАЭО құрылғалы бері кедергісіз сауда ортасын қалыптастыруға бағытталған біршама құжат қабылданды. Енді осы ортақ міндеттерді мүлтіксіз сақтап, өзара алыс-беріс пен барыс-келіске «тұсау болатын түйткілдерді» уақтылы шешіп отыру керек. Комиссия

кедергілерді шұғыл анықтау үшін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің заңнамалық бастамаларына мониторинг жүргізетін жасанды интеллект технологиясын қосу мүмкіндігін қарастырғаны жөн. Кедергісіз нарық пен тауарлардың еркін қозғалысын қамтамасыз ету басты міндет болуға тиіс. Азаматтар мен бизнес интеграцияның нақты пайдасын көруі керек, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сауда-экономикалық ынтымақтастық аясын кеңейтуді белсенді қолға алған дұрыс деп санайды.

— Биыл Моңғолиямен Еркін сауда аймағы туралы келісімге, Біріккен Араб Әмірліктерімен Экономикалық серіктестік туралы келісімге қол қойылды. Бүгін Индонезиямен осындай мәміле жасалады. Біз мұны құптаймыз. Бұл — бірлескен жұмыстың елеулі нәтижесі. Әрі өзге елдердің Еуразиялық экономикалық одақпен сауда байланыстарын тереңдетуге қызығушылығы артып келе жатқанын көрсетеді. Таяу келешекте ЕАЭО-ның Жаһандық Оңтүстік, Араб елдерімен, Оңтүстік-Шығыс Азия және Африка мемлекеттерімен ықпалдастығын кеңейту маңызды деп санаймыз. Сонымен қатар ШЫҰ, АСЕАН секілді басқа да маңызды ұйымдармен ынтымақтастыққа айрықша көңіл бөлу керек, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, мемлекеттер алдында салмақты шешім мен үйлесімді әрекетті талап ететін күрделі міндеттер тұрғанына назар аударды.

Президент келесі жылы Еуразиялық экономикалық одақ органдарына төрағалық ету миссиясы Қазақстан Республикасына өтетінін еске салды. Мемлекет басшысы еліміз жаңа табысқа қол жеткізіп, бірлестік елдерінің игілігін еселеу үшін нәтижелі жұмыс жүргізуге ниетті екенін жеткізді. Президент Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің келесі отырысы 28-29 мамырда Астанада өтетінін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев ұйым төрағасы міндетін табысты атқарғаны үшін Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенкоға алғыс айтты.

Сонымен қатар саммитке Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин, Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенко, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров, Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёев, сондай-ақ Индонезияның, Иранның және Кубаның өкілдері қатысты.

Жиын қорытындысы бойынша бірқатар құжат қабылданды.



САЯСАТ

«ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – ЖАПОНИЯ» БИЗНЕС ФОРУМЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевпен қатар іс-шараға Жапония Премьер-министрі Санаэ Такаучи, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов пен Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев қатысты.

Жиын аясында «Жасыл даму және орнықтылық», «Цифрлық трансформация мен өзара байланыс», «Қаржы, адам ресурстары және бизнеске арналған әлеуметтік жүйені дамыту» секілді тақырыптық сессиялар ұйымдастырылды.

Сондай-ақ Орталық Азия мен Жапонияның іскерлік орта өкілдері кездесулер өткізді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ресми сапары және «Орталық Азия – Жапония» бизнес форумының қорытындысы бойынша қазақстандық тарап пен жапон бизнес құрылымдары арасында жалпы құны 3,72 миллиард доллар болатын 60-тан астам құжатқа қол қойылды.

ТМД-ҒА МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕР БАСШЫЛАРЫ БЕЙРЕСМИ КЕЗДЕСТІ

Тәуелсіз мемлекеттер достастығына мүше елдер басшыларының кездесуіне Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевпен бірге Ресей Президенті Владимир Путин, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев қатысты.

ТМД басшылары өзара ынтымақтастықтың негізгі даму бағдары мен қадамдарын талқылады.

Сондай-ақ Ұйым аясындағы ықпалдастықтың өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасты.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІНІҢ ӨНДІРІСІ 11%-ҒА АРТТЫ

Жетісу облысында Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күніне арналған салтанатты жиын өтті. Облыс әкімі Бейбіт Исабаев өңірдегі аграрлық сала мамандарын марапаттап, облыстың үздік ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне жаңа тракторлар табыс етті. Атап өтсек, биыл өңірде ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы өнім көлемі 2 млн тоннаға жетті. Сонымен қатар өткен жылмен салыстырғанда ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі 11%-ға өсіп, 90 млрд теңге болды.

Салтанатты жиын басталар алдында Бейбіт Исабаев І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайының фойесінде ұйымдастырылған көрмені аралап көрді. Көрмеде өңірде өндірілетін түрлі өнімдер мен агротехнология саласындағы бірқатар жаңашылдықтар ұсынылды.

Мерекелік құттықтау сөз сөйлеген облыс әкімі Мемлекет басшысы Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің II форумында қойған міндеттеріне арнайы тоқталды.

– Бұл күн – елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосып жүрген еңбек адамдарына деген құрметтің белгісі. Біздің алдымызда облыстағы ауыл шаруашылығының жалпы өнімін арттырып, агроөнеркәсіп кешенін цифрландыру және оны жоғары технологияға негізделген сала ретінде дамыту міндеті тұр. Биыл агро субъектілерді қолдауға мемлекет тарапынан 61,2 млрд. теңге қаражат бөлінді, оның 25,2 млрд. теңгесі - субсидия, 24 млрд. теңге - жеңілдетілген кредиттер, 12 млрд теңге - лизингтік бағдарламалар. Соның нәтижесінде жаңа ауыл шаруашылығы техникасы алынып, машина трактор паркі жаңартылуда. Су үнемдеу технологиясы енгізіліп жатыр. Биыл облыс диханшыларының қажырлы еңбектерінің арқасында 2,0 млн. тонна ауыл шаруашылық дақылдары жиналды. Кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, адал еңбектеріңіз үшін ризашылығымызды білдіреміз, - деді Бейбіт Исабаев. Мұнан кейін жиын марапаттау рәсімімен жалғасты.

Облыстың ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері «Еңбек ардагері» медалімен, «Ауыл шаруашылығының үздігі» төсбелгісімен, ҚР Премьер-Министрінің Алғыс хатымен және облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Бұдан соң «Өңірдің үздік ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері» номинациясы бойынша жеңімпаздарға құрмет көрсетілді. Атап айтқанда, шаруа қожалықтары арасынан Қаратал ауданының «Ерен Тау» ШҚ үздік деп танылса, заңды тұлғалардан Алакөл ауданының «Сельский механизатор» ЖШС жеңімпаз атанды. Олардың басшыларына I дәрежелі дипломдар мен жаңа трактор кілттері табысталды.

Ал қайта өңдеу кәсіпорындары арасында Талдықорған қаласында сүт өнімдерін өндіретін «Ләззат-2016» ЖШС үздік деп танылды. Марапат ретінде I дәрежелі диплом мен ақшалай сертификат берілді.

Марапатталғандар атынан Қаратал



ауданындағы «Ерен Тау» шаруа қожалығының жетекшісі Қахарман Мағдықасым сөз сөйледі:

– Біздің шаруашылық егіншілік пен малшылықты қатар дамытып келеді. Негізінен қант қызылшасы мен жүгері өсіреміз, алдағы уақытта күнбағыс өсірсек деп жоспарлап отырмыз. Қожалықта 1600 бас ұсақ мал бар. Өнімділікті арттыру және суармалы суды үнемдеу мақсатында ылғал үнемдеу технологияларын белсенді түрде енгізе бастадық. Қазіргі таңда шаруашылығымызда 480 гектар алқапта тамшылатып суару жүйесі қолданылады, ал келесі жылы бұл көрсеткішті 800 гектарға жеткізуді көздеп отырмыз. Еңбегіміздің бағаланғанын қуантады. Жаңа трактор көктемгі егіс науқанын сапалы жүргізуге үлкен көмек болады, – деді ол.



Ауыл шаруашылығы көрмесіне қатысушы, «Евразиян дринкс» ЖШС өкілі Мадияр Түйебаев та өз пікірін білдірді. Аталған кәсіпорын биыл көктемде Талдықорған қаласында бал қосылған қымыз, сондай-ақ өзге де сүтті сусындар өндірісін жолға қойған:

– Өнімімізге қажетті шикізатты негізінен Текелі қаласынан аламыз. Бие сүтінен алынған ашытқыны пайдалана отырып, «балқымыз», яғни бал қосылған қымыз өндіруді қолға алдық. Сонымен қатар айран, «Таң» сусыны және ішетін йогурт шығарамыз. Осы аптада 3 тонна өнім өндірдік. Қазіргі таңда өнімдеріміз Талдықорған қаласында сатылып жатыр, ал айран Алматы қаласына жеткізіле бастады. Алдағы уақытта өнімдерімізді Қытай еліне экспорттауды жоспарлап отырмыз, қазір дайындық жұмыстары жүргізілуде. Басты мақсатымыз – халықты қолжетімді бағада сапалы өніммен қамту. Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күніне арналған көрмеде өз өнімімізді ұсынуға мүмкіндік туғанына қуаныштымыз, – деді ол. Мерекелік іс-шара концерттік бағдарламамен жалғасты.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

МИНИСТРЛІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ПӘТЕР КІЛТТЕРІ ТАБЫСТАЛДЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Бас прокуратура, Мемлекеттік күзет қызметі, Ішкі істер министрлігі қызметкерлеріне пәтер кілтін табыстады. Жаңа жыл қарсаңында прокуратура мен күштік құрылымның бір топ қызметкері баспаналы болды.

Мемлекет басшысы Ақордада өткен салтанатты рәсімде сөйлеген сөзінде ұлт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқығын қорғау және қоғамдық тәртіпті сақтау стратегиялық маңызы айрықша міндет екеніне назар аударды.

– Сіздер ел тыныштығын қырағы қорғап, тұрақтылықты сақтауға зор үлес қосып жүрсіздер. Қоғамда «Заң мен тәртіп» және әділдік қағидатын орнықтыру үшін табанды еңбек етіп келесіздер. Жұмыстарыңыз – оңай емес, күрделі. Соған қарамастан кәсіби білікті, жауапкершілігі жоғары маман ретінде елімізге адал қызмет етіп жатсыздар. Баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін. Мінсіз қызмет қашанда жоғары бағалануға тиіс. Мемлекет өздеріңіз сияқты өз ісіне адал азаматтарды әрдайым қолдайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

www.akorda.kz

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

«LEGAL TALK: АШЫҚ МИКРОФОН» ЖАСТАР ФОРУМЫ

Қоғамның тұрақты дамуы мен азаматтардың қауіпсіз өмір сүруі ең алдымен заң үстемдігіне, тәртіп пен жауапкершілікке тікелей байланысты. Құқықтық мәдениеті жоғары, саналы әрі белсенді жас ұрпақ - әділетті қоғамның негізгі тірегі. Осы мақсатта «Заң мен тәртіп» идеологиясы аясында Жетісу облысында «Legal Talk: ашық микрофон» форматындағы жастар форумы өткізілді. Аталған форум жастар мен мемлекеттік органдар арасындағы ашық диалогты нығайтуға, құқықтық сауаттылықты арттыруға және қоғамдағы өзекті құқықтық мәселелерді бірлесе талқылауға бағытталған маңызды алаңға айналды.

Форум ашық микрофон форматы болды. Бұл формат қатысушыларға өз ойларын еркін білдіруге, көкейінде жүрген сұрақтарын тікелей сала мамандарына қоюға және нақты, түсінікті жауап алуға мүмкіндік берді. Іс-шара барысында заң мен тәртіп, қоғамдық қауіпсіздік, жастардың құқықтары мен міндеттері, интернет кеңістігіндегі қауіптер, құқық бұзушылықтардың алдын алу тақырыптары кеңінен қозғалды.

Форумға спикер ретінде Жетісу облысы әкімінің орынбасары Есдәулетов Диас Рахметұлы, Жетісу облысының прокуроры Жұмақанов Бауыржан Альбертұлы, Жетісу облысының Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басшысы Тюмелиев Еркін Амангелдіұлы, Жетісу облысы Полиция департаменті бастығының орынбасары Байкенов Жасұлан Құдайбергенұлы қатысты.

Сала мамандары жастармен ашық пікір алмасып, өз тәжірибелерімен бөлісіп,

құқықтық мәдениетті қалыптастырудағы өзекті бағыттарға тоқталды.

Іс-шара барысында интерактивті ойын ұйымдастырылып, 1-орын иеленген қатысушыға алғыс хат пен сыйлық табысталды. Қатысушылардың белсенділігі мен қызығушылығын арттыруға ерекше көңіл бөлінді. Бұл жастардың құқықтық тақырыптарға деген көзқарасын жеңіл әрі түсінікті форматта қалыптастыруға ықпал етті.

Аталған форум жұмысына 200-ге жуық жас тартылды. Форум жастардың азаматтық ұстанымын нығайтуға, заңға құрметпен қарауға тәрбиелеуге және қоғамдық тәртіпті күшейтуге бағытталған жүйелі жұмыстың маңызды бөлігі болды. Бұл - тек пікір алмасу алаңы ғана емес, жауапкершілігі жоғары, саналы қоғам қалыптастыру жолындағы нақты қадам.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің студенті Ақерке Есқараеваның айтуынша, іс-шара өте



қызықты әрі мазмұнды өтті.

- Құқық қорғау органдарының басшылары мен облыс әкімі орынбасарының жастармен кездесуге арнайы келуі ерекше әсер қалдырды. Олар қойылған сұрақтарға ашық түрде жауап беріп, күрделі тақырыптардан қашқан жоқ. Мұндай формат заң мен тәртіптің іс жүзінде қалай жұмыс істейтінін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Әсіресе дропперлік тақырыптың талқылануы

есте қалды, себебі бұл қазіргі жастар үшін өзекті мәселе. Көп жағдайда оның салдарына мән берілмей жатады, сондықтан мұндай түсіндіру жұмыстары өте маңызды. Осындай жастармен ашық кездесулер алдағы уақытта да жиі ұйымдастырылса деген ойымыз бар, - деді ол.

Облыстық қоғамдық даму басқармасының материалы бойынша

БӨРЕКЕЛДІ!
ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Талдықорған қаласында мүгедектері бар адамдарға арналған 150 орындық оңалту орталығының құрылысы басталды. Бұл туралы облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың қала тұрғындарымен кездесуі барысында белгілі болды.

- Өткен кездесулерде көтерілген мәселеге байланысты биыл қыркүйек айында мүгедектері бар адамдарға арналған 150 орындық оңалту орталығының құрылысы басталды, 2026 жылы аяқтауды жоспарлап отырмыз. Қазіргі кезде облыс орталығында мүгедектері бар азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін арнайы әлеуметтік қызмет көрсететін 7 орталық бар. Бүгінде оларда 1 282 адам қызмет алуда. Сол сияқты «Асар» спорттық-оңалту кешені базасында биыл облыс әкімдігінің қолдауымен республикада алғаш болып мүгедектері бар адамдар үшін үйде оңалту қызметі қолға алынып, 210 адам қамтылды. Жалпы, әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының қолжетімділігін жақсарту бағытында қала бойынша мемлекеттік нысандарды бейімдеу жүйелі жүргізіліп келеді. Сол сияқты кәсіпкерлермен де осы бағытта жұмыс атқарылуда - деді Б. Исабаев.

КӘСІПКЕРЛІК
БИЗНЕС СУБЪЕКТІЛЕРІ ӨНДІРГЕН ӨНІМ
КӨЛЕМІ 15,2%-ҒА ҰЛҒАЙДЫ

Жетісу облысында шағын және орта бизнес субъектілері өндірген өнім көлемі екінші тоқсанның қорытынғы бойынша 566,3 млрд. теңгені құрап, бұл 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 15,2%-ға артты. Жалпы, биылғы жылдың 1 желтоқсанындағы мәліметке сәйкес өңірде 63 мың шағын және орта бизнес субъектісі жұмыс істейді, яғни 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4%-ға ұлғайған.

Облыстық кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының мәліметіне қарағанда, кәсіпкерлік белсенділіктің өсуімен қатар салықтық түсімдер көлемі де артауда. Осы жылдың 1 қарашасына бюджетке түскен салық түсімдері 57,1 млрд. теңгені құраған, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 35,6%-ға жоғары. Аталған динамика салық базасының кеңейгенін және сектордың қаржылық тұрақтылығының артқанын көрсетеді.

Сондай-ақ осы жылдың екінші тоқсанының қорытындысы бойынша шағын және орта бизнес секторында 107,3 мың адам жұмыспен қамтылған, бұл былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,5%-ға жоғары.

- Шағын бизнесті ынталандыру және ірілендіру бағытында белсенді жұмыстар жүргізілуде. 2025

жылы шағын және орта бизнесті қолдауға 5,9 млрд. теңге бағытталып, жалпы 8,2 млрд. теңгені құрайтын 111 жоба қаржыландырылды. Сонымен қатар кәсіпкерліктің тұрақтылығын арттыру мақсатында 2025 жылы сервистік қолдауға жергілікті бюджеттен 31 млн. теңге бөлініп, 1 011 кеңес берілді. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасып жатыр және тұрақты бақылауда болады, - деді басқарма басшысы Серік Сәбетайұлы.

Сол сияқты «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында биылғы 22 желтоқсанға дейін жалпы 1,8 млрд. теңгеге 246 өтінім мақұлданған. Нақты 1,2 млрд. теңгеге 171 микрокредит мал шаруашылығы саласына және өзге де бизнес түрлеріне берілді. Биылғы жылы «Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберінде республикалық бюджеттен 2,5 млрд. теңге бөлінді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

«АУЫЛ ҚҰТҚАРУШЫЛАРЫ»
ЖЕТІСУДА АЛҒАШҚЫ ЕРІКТІ
ӨРТ СӨНДІРУ БЕКЕТІ АШЫЛДЫ

Жетісу облысында ерікті өрт сөндіру бекеті іске қосылды. Бұл - азаматтық қорғау жүйесін дамыту мен нығайтуға бағытталған ведомстволық «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасымен жергілікті бюджет қаражатына салынған алғашқы нысан.



Жаңа өрт сөндіру бекеті Қаратал ауданы Алмалы ауылында орналасқан. Бекет Алмалы ауылы мен оған іргелес екі елді мекенге қызмет көрсетеді. Штатында 8 қызметкер бар, яғни 4 өрт сөндіруші, 4 жүргізуші қарастырылған. Жеке құрам өрт пен өзге де төтенше жағдайларға жедел әрекет етудің арнайы даярлығынан өткен.

Төтенше жағдайлар департаменті мамандарының айтуынша, ауылдық елді мекендердің өрттің алдын алудағы қажеттіліктерін қамтамасыз етуге мемлекет тарапынан барлық қолдау көрсетіліп отыр. Мұнда жұмыс істейтін жеке құрамның тұрақты дайындығы мен темірдей тәртібі аса маңызды. Өйткені олардың жұмысы жүздеген отбасының өмірі мен әл-ауқатына тікелей әсер етеді. Ал аталған нысанның іске қосылуы өрт шыққан жағдайда әрекет ету уақытын қысқартып, адам өмірі мен мүлікке төнетін қауіптің алдын алуға жағдай жасайды.

- Бұған дейін осы ауылдан бөлек көршілес ауылда да толыққанды өрт сөндіру бекеті болған жоқ. Оның міндетін ескі ғимарат пен ауыл тұрғындарынан құралған төрт ерікті атқаратын. Өрт шығу қаупі туындаған жағдайда мұнда су толтырылған цистерна сақталып, қажет болған кезде оны оқиға орнына сүйреп апаратын. Аудан орталығынан өрт сөндіру техникасы келгенге дейін өртті шамамыз келгенше ауыздықтауға тырысатынбыз. Ал қазір кәсіби мамандардан құралған жаңа команда мен заманауи техника кез келген жағдайға жедел әрі тиімді әрекет етуге мүмкіндік береді, - дейді Қаратал ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Қуаныш Рақатаев.

Атап өтсек, Алмалы ауылында бүгінде 800-дей, ал Байшөгір ауылдық округі аумағында 1300 адам тұрады. Енді жаңа өрт сөндіру пунктін округ тұрғындарының қауіпсіздігін арттырып, азаматтық қорғау жүйесін нығайтуға елеулі үлес қоспақ.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі
Фотосуреттерді Жетісу облыстық ТЖД ұсынды.



ҒАЖАЙЫПҚА ТОЛҒАН ЖАҢА ЖЫЛ ЖЕТІСУДА ПРЕЗИДЕНТТІК ШЫРШАДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ БАЛАЛАРДЫ ҚУАНТТЫ

Жетісу облысының орталығы Талдықорған қаласында «Ғажайыпқа толған Жаңа жыл!» атты Президенттік шырша өтті. Жаңа жыл қарсаңындағы мерекелік шараға өңірдің түкпір-түкпірінен келген 200 бала қатысты. Балалар үшін ертегі кейіпкерлерінің, аниматорлардың, цирк әртістері мен шығармашылық ұжымдардың қатысуымен әсерлі шоу-бағдарлама ұйымдастырылды.



Ерекше кейіпкерлердің бірі ретінде жасанды интеллекттің көмегімен басқарылатын роботты атап өтуге болады. Сондай-ақ түрлі ойындар, байқаулар мен сайыстар өткізілді. Балаларды келе жатқан 2026 Жаңа жылмен Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев құттықтады.

«Жастар» Спорт сарайында өткен мерекелік шараға көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар, балаларды қолдау орталығының тәрбиеленушілері, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, ерекше білім беруді қажет ететін балалар, сондай-ақ оқуда, спортта, шығармашылықта жетістікке жеткен жас өрендер шақырылды.

Мереке флешмоб биімен басталып, аниматорлар мен балалардың көркемөнерпаздар ұжымдары қатысқан театрландырылған қойылыммен жалғасты.

Балаларды Мемлекет басшысының атынан облыс әкімі құттықтады:

— Бұл тамаша мереке еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың атынан ұйымдастырылып отыр. Президенттік шыршаға өңіріміздің әрбір ауданы мен қаласынан үлгілі, тәртіпті, дарынды балалар шақырылды. Бүгін өздерінің осы үздіктердің қатарында болғандарыңды мақтан тұтамыз. Оқуда, өнерде, спортта жаңа жетістіктерге жете беріңдер. Бүгінгі мереке сендерге мол қуаныш, жарқын әсер, жылы естелік сыйласын, — деген Б. Исабаев балаларға жаңа жылдық сыйлықтар табыс етті.

Президенттік шыршаға қатысқан әр бала Мемлекет басшысының атынан құттықтау хаттарын, планшеттер мен жаңа жылдық тәтті сыйлықтар алды.

Мерекелік шара барысында Аяз ата мен Ақшақар балалар үшін жаңа жылдық шыршаны жарқырата

жақты. Цирк әртістері, аниматорлар, қазақ халық ертегілері мен мультфильм кейіпкерлері өнер көрсетіп, мерекеге ерекше рең берді.

Сонымен қатар жарық шоуы ұйымдастырылып, түрлі көңілді байқаулар өткізілді. Балалар өлең оқып, ән айтып, би биледі. Мерекелік шара соңында жас қонақтарға әртүрлі дәмдер мен тәтті тағамдар ұсынылды.

Жаңа жыл қарсаңындағы мерекеге келген балалар әсерін бөлісті.

— Біздің отбасымыз көпбалалы, бәріміз тату тұрамыз, бір-бірімізге әрдайым көмектесеміз. Қазір Қаратал ауданы Жетіжал орта мектебінің 5-сыныбында оқимын. Сабақта үздіктер қатарындамын. «Зерде» аудандық зерттеу жобасының жүлдегерімін, «Кенгуру» зияткерлік ойын байқауының, сондай-ақ «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегерімін. Бүгінгі шырша мерекесі көңілді әрі қызықты болды, маған қатты ұнады. Барлық достарымды Жаңа жылмен құттықтаймын, — деді Көксу ауданы Жетіжал орта мектебінің 5-сынып оқушысы Айзере Базарбекқызы.

«Айналайын» балаларды қолдау орталығының тәрбиеленушісі Рүстем Қалибеков те Президенттік шыршаға қатысушыларды мерекеге орай құттықтады:

— Мен сабақты үздік оқимын, ән айтқанды, актерлікті жақсы көремін, спортқа қызығамын. Ауыр атлетикадан облыс чемпионымын, «Жас сарбаз» клубының белсенді мүшесімін. Жаңа жылды асыға күтіп жүрмін. Бүгін Президенттік шыршаға шақырылғаным өте қуаныштымын. Алдағы жылы да өз армандарыма жету үшін алға ұмтыламын, — деді ол.

Атап өтсек, осындай мерекелік шаралар өңірдің барлық аудан-қалаларында өткізіліп, онда тағы 2 мыңнан астам бала қамтылмақ.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

«АЙНАЛАЙЫН» БАЛАЛАРДЫ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫНДА



Қала әкімі Ернат Бәзіл «Айналайын» балаларды қолдау орталығының тәрбиеленушілерін келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтады. Жылдың ең жарқын әрі көптен күтілетін мерекесі қарсаңында ұйымдастырылған бұл игі шара балаларға ерекше көңіл күй сыйлады.

Аталмыш шара қала әкімдігі мен «Elit Quylus group» ЖШС мердігерлерінің қолдауымен жүзеге асырылып, тәрбиеленушілерге арнайы жаңа жылдық сыйлықтар табыс етілді. Қала басшысы балаларға жылы лебізін білдіріп, алдағы жылда дендеріне саулық, оқуда табыс тіледі. «Құрметті балалар! Сіздер еліміздің ертеңгі тірегі, жарқын болашағысыздар. Ынтымағы жарасқан

елде өсіп келе жатқан бақытты ұрпақсыздар. Зерделі де зерек, білімді де білікті болыңыздар. Бүгінгі алған тәлім-тәрбие мен білім алдағы үлкен жетістіктерге бастайды деп сенемін. Жаңа жыл сіздерге шаттық, қуаныш әкелсін», — деді Ернат Дүйсенбекұлы.

Мерекелік кеш барысында жиналғандар тәрбиеленушілер дайындаған мерекелік бағдарламаны тамашалады. Орталық ұжымы мұндай тағылымды әрі ізгі бастамалар балаларға қуаныш сыйлап қана қоймай, олардың болашаққа деген сенімін арттырып, мейірім мен қамқорлықтың маңызын айқындай түсерін айтып, сән-салтанаты жарасқан осы сәтті атап өтуге мүмкіндік жасаған жандарға алғыстарын білдірді.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

МӘСЛИХАТТА КЕЗЕКТІ СЕССИЯ ОТЫРЫСЫ

Талдықорған қалалық мәслихатының VIII шақырылымының кезекті 47-сессиясы өтті. Сессия жұмысына қала әкімігі өкілдері, мәслихат депутаттары және жауапты сала басшылары қатысты.



Алғашқы болып Талдықорған қалалық мәслихатының төрағасы Темірболат Ахажанның мәслихат қызметін ұйымдастыру бойынша атқарылған жұмыстар туралы есебі тыңдалды. Баяндама барысында бір жыл ішінде атқарылған жұмыстар, қабылданған шешімдер мен олардың орындалу барысы, сондай-ақ, алдағы міндеттерге тоқталды. Одан әрі сессияның күн тәртібіне сәйкес бірқатар маңызды мәселелер қаралды. Атап айтқанда, Талдықорған қаласының 2026–2028 жылдарға арналған бюджеті, Талдықорған қалалық мәслихатының 2026 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту, «Талдықорған қалалық аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы» №13-79 шешіміне өзгерістер енгізу, сонымен қатар Талдықорған қаласының 2026–2030 жылдарға арналған даму бағдарламасын бекіту мәселелері талқыланды. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жауапты бөлім басшыларының хабарламалары тыңдалып, депутаттар тарапынан ұсыныс-пікірлер айтылды.

Назерке ӘБІЛҒАЛИҚЫЗЫ

АТА-БАБА ДӘСТҮРІ – ҰРПАҚҚА АМАНАТ ДАНАЛЫҚ МЕКТЕБІ

Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен 2023-2024 оқу жылынан бастап «Даналық мектебі» атты тәрбие сағаты қала мектептері мен колледждерінде жүйелі түрде өткізіліп келеді. Қала мектептерінде көп жылдан бері дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан «Ата-баба дәстүрі – ұрпаққа аманат» бағдарламасының аясын кеңейту мақсатында құрылған бұл іс-шара қазіргі уақытта өз нәтижесін көрсетуге.



Жуырда №29 орта мектеп – лицейінде осы тәрбие сағаты «Асыл дін-ата дәстүр» тақырыбында өткізілді. Бұл тәрбие сағатының мақсаты – мұсылман діні және теріс бағыттағы діни бірлестіктер туралы білімдерін кеңейте отырып, адами қасиеттерді қалыптастыру, ана тілін сүю, ата салтын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.

Іс-шараға қалалық ардагерлер кеңесінің төраға орынбасары Қожабеков Мұратбек Қабылбекұлы, кеңес мүшелері, Жетісу облыстық дін істері басқармасының теолог маманы Бөлекбаев Ерік Амангелдіұлы, осы мемлекеттік мекеменің теолог маманы «Жетісу» мешітінің бас имамы Ордабай Мұхаммед, «Иман» мешітінің бас имамы ҚМДБ-ның Жетісу облысы бойынша «Қамқор-шарапат» халыққа қызмет көрсету орталығының өкілі Ибраимов Юсуф Мұратұлы, дін істері жөніндегі Ақпараттық түсіндіру тобының мүшесі Рымтаев Әділет Рымтайұлы қатысты.

Жиынды ашқан ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары М. Қожабеков бұл тәрбие сағатының мақсаты мен міндеттерін түсіндіре келіп ислам дінінің ілімі мен бағытын жастар, әсіресе мектеп оқушылары өз мағынасында танып – білуінің маңызы зор екенін, ол үшін білімі мен ой-өрісінің кең болуы керектігі туралы айтып өтті.

Жиында сөз алған дін саласының теолог мамандары экстремистік бағыттағы ағымдардан жастардың сақтану жолындағы ең керекті нәрсе білім екенін жан-жақты түсіндіріп өтті.

Елімізде қазіргі уақытта белең алып отырған салафизм, экстремизм сияқты теріс ағымдардан жас ұрпақты сақтандырудың бірден-бір жолы ата-аналар мен ұстаздардың мектеп оқушылары арасында діни және саяси сауаттылықтарын арттыру жолындағы бірігіп жұмыс жасауы екендігі баса айтылды.

Жиында мектеп оқушылары және ұстаздар тарапынан берілген сұрақтарға дін саласының мамандары толымды да түсінікті түрде жауап берді.

Жиын соңында мектеп-лицей директоры Иманбекова Ләйлә Мұқатайқызы мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Байқадамова Ардақ Қалиқызы ардагерлер ұйымы мен келген қонақтарға тәрбиелі де мағыналы ой пікірлері үшін мектеп ұжымы атынан алғыс айтып, алдағы уақытта да осындай ұлағатты іс-шаралар ұйымдастыру жөніндегі ізгі тілектерін жеткізді.

Өз тілшіміз



ВЫСШАЯ НАГРАДА ЗА НЕВИДИМУЮ РАБОТУ

В канун Дня энергетика Ержан Нурмуханбетов был удостоен ордена «Құрмет» из рук Президента страны. Эта высокая награда — признание многолетнего труда человека, от работы которого зависит свет в домах, стабильность экономики и привычный ритм жизни целого региона.

город останавливается. За бесперебойной работой сложнейших энергосистем стоят люди, которых редко видят, но чью ответственность невозможно переоценить.

Одним из таких специалистов является Ержан Нурмуханбетов — уроженец Аксуского района, энергетик с 36-летним непрерывным стажем. Его путь в профессию начался после окончания школы и службы в армии. В 1985–1988 годах он с отличием окончил Талдыкорганский

индустриально-педагогический техникум, освоив сразу две специальности — педагогическую и электрификацию. Позже заочно получил высшее образование в Алматинском государственном университете.

Трудовую деятельность Ержан Абитаевич начал в 1989 году дежурным инженером Аксуской РЭС. В 1998 году он переехал в Талдыкорган, где продолжил работу в Талдыкорганской районной электросети. С 2019 года трудится в АО «ТАТЭК» в должности старшего диспетчера — ключевого

звена в системе управления электроснабжением области Жетісу.

— Работа старшего диспетчера заключается в бесперебойной обеспечении региона электроэнергией, оперативной ликвидации аварий и переподключении потребителей с одной линии на другую. Через нас проходит работа всех районов области — это 11 районов, а также ТОО «Хоргоос-Энерго», «КараталТранзит», «Т-Транзит», Текелійская ТЭЦ-2. Фактически вся система находится под нашим контролем, — рассказывает специалист.

Старшие диспетчеры работают посменно, в режиме 12-часовых дежурств, неся полную ответственность за энергетическую безопасность региона. Любая ошибка может привести к серьезным последствиям, поэтому здесь важны не только знания, но и выдержка, скорость принятия решений и безупречная дисциплина.

— Никакая работа не будет возможна без электроэнергии. Отключите свет — и остановится все: связь, интернет, производство.

Думают, что электрики «не работают», но то, что сейчас у вас горит свет и работает компьютер, — это и есть наша работа. Это наш невидимый товар. Мы — бойцы невидимого фронта, — говорит Ержан Нурмуханбетов.

Профессиональные заслуги Ержана Абитаевича не раз отмечались государством. В 2022 году он был награжден медалью «Заслуженный энергетик Казахстана», а в этом году, в канун профессионального праздника, удостоен ордена «Құрмет» и медали «Еңбек ардагері». Имеет многочисленные ведомственные грамоты и благодарственные письма.

Коллеги характеризуют его как высококвалифицированного специалиста, надежного наставника и человека, на которого всегда можно положиться. Среди его ключевых качеств — компетентность, пунктуальность и ответственность.

Профессия энергетика — это не просто работа. Это ответственность за жизнь, безопасность и будущее. И такие люди, как Ержан Нурмуханбетов, ежедневно подтверждают это своим трудом.

ПРОИЗВОДСТВО СЕРГЕЙ ТУРВАНОВ:

«НАША ЦЕЛЬ – ВАША БЕЗОПАСНОСТЬ»

В условиях, когда вопрос национальной безопасности выходит на первый план, особенно важно, чтобы ключевые элементы обороны и защиты производились внутри страны. Именно этим принципом руководствуется уроженец Талдыкоргана Сергей Турванов — учредитель компании ТОО «ІРМ Group», которая сегодня является уникальным предприятием не только для Казахстана, но и для всей Центральной Азии.

Компания «ІРМ Group» была основана в 2013 году и изначально занималась поставкой средств индивидуальной и коллективной защиты гражданского и промышленного назначения — официальный дилер ряда крупнейших компаний Российской Федерации, занимающихся производством и разработкой средств самообороны, бронезащиты, металлодетекторов, коллективной защиты и защиты органов дыхания. Отдельное направление — поставка оборудования для бомбоубежищ, по которому «ІРМ Group» сегодня является одним из самых крупных и профессиональных поставщиков в Казахстане.

В приоритете у компании: качественный товар, отправленный напрямую с завода производителя без риска получить контрафакт; цена ниже, качество выше, чем у перекупщиков, спекулирующих на рынке; быстрая и надежная поставка; квалифицированная помощь специалистов.

За более чем десятилетний период ТОО «ІРМ Group» зарекомендовало себя как надежный поставщик и накопило ценный опыт в данной области. Все это в свою очередь стало основой для расширения бизнеса и создания собственного производственного цеха по пошиву специальной одежды: костюм защитный серии Л1, ОЗК (общевойсковой защитный комплект), КИХИ (костюм изолирующий химический), предназначенные для защиты от химических веществ, нефтепродуктов и механических воздействий, разгрузочный жилет, общепромышленный защитный комплект, спальный мешок и др. Такая продукция предназначена для военнослужащих, подразделений МЧС, МВД, пограничной службы, территориальной обороны и акиматов, а также сферы атомной энергетики и нефтедобывающей отрасли. Вся продукция проходит обязательную сертификацию и испытания и поставляется не только по Казахстану, но и за его пределы — в Узбекистан, Кыргызстан, ведутся переговоры с Египтом и другими странами.

— Глава государства не раз подчеркивал: мы должны быть максимально независимыми, особенно в сфере обороны. И тогда мы задали себе вопрос — если не мы, то кто? — отмечает Сергей Турванов.

Производство создано полностью на собственные средства предпринимателя. На сегодняшний день общая площадь предприятия составляет около 1500 квадратных метров, при этом строительство продолжается: дополнительно возводится еще 500 квадратных метров для расширения швейного производства. Ввести новые площади в эксплуатацию планируется в марте, так как спрос на продукцию стабильно растет.

Особое внимание уделяется кадрам. Технологом предприятия является Марина Кизилевич из Казани (Россия) — специалист с несколькими профильными образованиями, имеющая право обучать и преподавать. Она стояла у истоков разработки специальных защитных тканей и сегодня передает свои знания казахстанской команде. При этом проблема дефицита квалифицированных специалистов остается острой.

— Мы буквально с нуля обучаем швей. Подписали меморандумы с колледжами, будем принимать студентов на практику. Если увидим потенциал, то заключаем трехсторонние договоры на подготовку кадров для себя, — рассказывает руководитель.



Штат предприятия пока небольшой — около 25 человек, но это слаженная команда, работающая на современном промышленном оборудовании, часть которого не имеет аналогов в стране. Производственный цикл полный: от раскроя и пошива до склеивания, упаковки и отгрузки. Есть четко налаженная логистика.

Ткани и бронепластины поставляются из Российской Федерации — это специализированные материалы, производство которых сосредоточено в ограниченном числе предприятий. При этом срок хранения продукции варьируется от 5 до 25 лет в зависимости от условий, а, например, химическая защита рассчитана на 12 лет хранения.

По словам Сергея Турванова, одной из серьезных проблем остается отсутствие в Казахстане аккредитованных лабораторий для испытаний такой продукции — образцы приходится направлять за рубеж. Кроме того, рынок сталкивается с большим количеством контрафакта и недобросовестных поставщиков.

— Это не просто товар. Это безопасность и жизнь человека. Поэтому наш слоган: «Наша цель — Ваша безопасность». Мы уже начали информационную работу, объясняем, как отличить оригинал от подделки. Здесь нужна поддержка государства, чтобы рынок был защищен от опасной продукции сомнительного качества, — подчеркивает предприниматель.

В планах компании — запуск производства респираторов, развитие металло- и деревообработки, а также выпуск изделий для туризма, сельского хозяйства и благоустройства.

— Производство не должно стоять. Это рабочие места, современные технологии и уверенность в завтрашнем дне. Мы надеемся на поддержку и понимание, потому что делаем дело, важное для всей страны, — говорит Сергей Турванов.

История ТОО «ІРМ Group» — пример того, как инициативность, профессионализм и ответственность могут превратить региональное предприятие в стратегически значимого отечественного производителя. И начиналось все здесь — в родном Талдыкоргане.

ЗАЩИТА ПРАВ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ ГЛАВНЫЙ ПОКАЗАТЕЛЬ –

КОНКРЕТНАЯ ПОМОЩЬ ГРАЖДАНАМ

Департамент торговли и защиты прав потребителей по области Жетісу подвел итоги работы за 2025 год, обозначив как достигнутые результаты, так и проблемы, с которыми ежедневно сталкиваются жители региона в сфере торговли и услуг. Руководитель ведомства Айдос Дауешев на брифинге в региональной службе коммуникаций подчеркнул, что главным показателем эффективности остается не количество проведенных проверок, а конкретная помощь гражданам и восстановление их нарушенных прав.

По его словам, за отчетный период в департамент поступило 820 обращений через различные каналы связи — платформу Е-етініш, Telegram-бот, горячую линию и личные приемы. Этот показатель свидетельствует о том, что население стало активнее отстаивать свои законные интересы и все чаще обращаться за защитой. По итогам рассмотрения обращений жителям области возвращено более 48 миллионов тенге.

— Анализ жалоб показывает, что чаще всего нарушения фиксируются в сфере розничной торговли. Граждане сталкиваются с отказами в обмене и возврате товаров в установленные законом сроки, незаконными табличками «Товар возврату и обмену не подлежит», а также с уклонением продавцов от гарантийных обязательств. Значительное количество обращений связано с электронной коммерцией, где потребители жалуются на несоответствие товаров описанию, задержки возврата денежных средств и недоступность продавцов после совершения покупки, — сказал спикер.

Проблемы сохраняются и в сфере бытовых услуг — ремонте техники, мебели, автомобилей, а также в образовательных услугах, в том числе онлайн-обучении. При этом Айдос Дауешев отметил, что рост количества жалоб обусловлен не только нарушениями со стороны бизнеса, но и повышением правовой грамотности населения, что является положительной тенденцией.

В течение года департамент принимал участие в судебных процессах в качестве третьего лица. В результате в судебном порядке свои права смогли отстоять 45 граждан. Среди резонансных дел — возврат более 5 миллионов тенге потребителям за некачественные образовательные услуги, а также коллективные споры, связанные с неисполнением договорных обязательств.

Говоря о планах на 2026 год, руководитель департамента отметил расширение перечня социально значимых продовольственных товаров, усиление контроля за ценами, модернизацию торговых рынков и дальнейшее повышение финансовой грамотности населения. В 2025 году за нарушения законодательства к ответственности были привлечены свыше 130 субъектов торговли.

— Защита прав потребителей в области Жетісу ведется на системной и постоянной основе. Жителям региона напоминаю, что знание своих прав и своевременное обращение в уполномоченные органы позволяют добиться справедливости и предотвратить новые нарушения, — подчеркнул Айдос Дауешев.

Подготовила Алма УРАЗАЕВА



ҚАЛА ТЫНЫСЫ ЖАҢА ЖЫЛ ҚАРСАҢЫНДА 14 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ



Талдықорғанда Жаңа жыл қарсаңында 14 отбасыға жаңа пәтер кілттері салтанатты түрде табысталды.

Қала әкімі Ернат Бәзіл тұрғын үй кілттерін көпбалалы отбасыларға, әлеуметтік жағынан осал азаматтарға, сондай-ақ көмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға табыс етті.

Ернат Бәзіл, қала әкімі:
- Мемлекет басшысының халыққа Жолдауында «Мемлекет әр азаматтың лайықты және сапалы өмір сүруіне жағдай жасай береді»,- деген болатын. Осы мақсатты орындау аясында Талдықорған қаласында тұрғындардың тұрмысын жақсарту жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Бүгінгі таңда, облыс әкімі Бейбіт Өксібайұлының қолдауымен қалада жалдамалық және несиелік тұрғын үйлер салу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Нәтижесінде, биылғы жылдың басынан бері тұрғындарға 218 несиелік, 409 жалдамалық тұрғын үй беріліп, барлығы 627 отбасы жаңа баспанасына ие болды,- деді.

Бұл шара тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесінің қазіргі күннің ең өзекті бағыттарының бірі екенін айқын көрсетті. Еске салайық, Тәуелсіздік күні қарсаңында әлеуметтік жағынан осал топтарға жататын 18 отбасыға баспана кілттері табысталған болатын.



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Облыс орталығы Талдықорғанда «Энергетик күні» мерекесіне орай, энергетика саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлерге құрмет көрсетілді.

Салтанатты жиында қала әкімі Ернат Бәзіл биыл «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында еңбек адамдарына ерекше құрмет көрсетіліп жатқанын атап өтті және сала мамандарын кәсіби мерекелерімен құттықтады. Қала әкімі энергетика саласында қызмет етіп жүрген әрбір маманның қаланың тұрақты дамуы

мен тұрғындардың жайлы өмір сүруіндегі маңызын ерекше атап өтті. Қала әкімі, Ернат Бәзіл: «*Энергетика саласы – қаланың тұрақты дамуы мен тұрғындардың жайлы өмір сүруінің негізі. Сіздердің күн-түн демей атқарып жүрген еңбектеріңіздің арқасында қалада жарық пен жылу үздіксіз қамтамасыз етіліп келеді. Баршаңызға зор алғыс білдіремін*», - деді. Салтанатты шара барысында энергетика саласының дамуына қосқан үлесі мен адал еңбегі үшін бірқатар қызметкерлер «Сіңірген еңбегі үшін» медалімен және Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі



ЗАҢ МЕН ТӨРТІП Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ПОЛИЦИЯ КӨМЕКШІЛЕРІНЕ КУӘЛІК ТАБЫСТАЛДЫ



«Заң мен тәртіп» қағидаты, «Таза Қазақстан» бағдарламасы және Қазақстан Республикасының «Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы» Заңы аясында полицияның қоғамдық көмекшісі 30 азаматқа арнайы куәлік табысталды.

Іс-шараға Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков, полиция басқармасының бастығы Ернар Ширбаев, адам құқықтары жөніндегі жедел уәкіл Қанат Қарымсақов, көмелетке толмағандарды бейімдеу орталығының директоры Ерлан Сансызбаев, сондай-ақ, құзыретті мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты. Жиын барысында полицияның қоғамдық көмекшілерінің қоғамдық тәртіпті сақтау, құқық бұзушылықтардың алдын алу, төтенше жағдайларда көмек көрсету және тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізудегі маңызы атап өтілді. Жеңіс Саятбекұлы «Заң мен тәртіп - құқықтық мемлекеттің негізі. Халық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, заң бұзған адамды тиісті жазаға тарту мемлекеттің негізгі алғышарты. Ал, қоғамдық тәртіпті сақтау барлық адамдардың негізгі міндеттерінің бірі. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «ҚР ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттарын бекіту туралы» Жарлығында заң мен тәртіпке ерекше мән беріп, басты қағидат деп атап өткен болатын. Осы орайда қалалық полиция басқармасы мен қалалық әкімдіктің қолдауымен ұйымдастырылған шараға қатысушыларға алғыс білдіре отырып, аталмыш қағидат негізінде адал қызмет атқарып, полициямызға, қоғамымызға көмекші болатындарыңызға сенімдімін»-деп атап өтті. Полицияның қоғамдық көмекшілері қатарында қоғамдық белсенділер, еріктілер және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері бар. Олар өз қызметін ерікті негізде жүзеге асырып, ішкі істер органдарына заң шеңберінде көмек көрсететін болады.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

645 АДАМНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру және халыққа көрсетілетін қызметтердің заңдылығын бақылау бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді.

2025 жылдың басынан бері жүргізілген қашықтан бақылау мен жоспарлы тексерулердің нәтижесінде 645 азаматтың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді. Анықталған заң бұзушылықтар негізінен мемлекеттік қызмет көрсету тәртібінің сақталмауына, артық құжат талап етуге, сондай-ақ қызмет көрсету мерзімдерінің бұзылуына қатысты болды. Әрбір дерек бойынша қолданыстағы заңнамаға сәйкес тиісті шаралар қабылданды.

Атап айтқанда, жер учаскесін беру мәселесі бойынша екі қызмет алушыға Алакөл ауданы Ырғайты ауылдық округі әкімдігі жер комиссиясының шешіміне сүйене отырып негізсіз бас тартқан. Құжаттарда

көрсетілгендей, аталған жер телімі басқа тұлғаға берілген деп көрсетілгенімен, Департаменттің жер мәселелері жөніндегі сарапшыны тарта отырып жүргізген жоспардан тыс тексерісі барысында шешім қабылданған уақытта учаскенің бос болғаны және оны өтініш иелеріне заңды түрде беруге болатыны анықталды.

Нәтижесінде, Департаменттің араласуымен өтініштер қайта қаралып, жер учаскелері қызмет алушыларға берілді. Заң бұзушылықтарға жол берген жауапты лауазымды тұлғалар тәртіптік және әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Аталған жағдай қабылданған шаралардың тиімділігін, сондай-ақ заңдылық пен әділеттілік қағидаттарына адалдықты айқын көрсетеді. Қызмет алушылардың құқықтарын қорғау, ашықтықты қамтамасыз ету және мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру – Департамент жұмысының басым бағыттары болып қала береді.

Қ. МАНАП,
Департамент басшысы,
Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы

АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАЙЫҚ! АЗАМАТТЫҚ ЛЕБІЗ



Жетісу облысы мен Талдықорған қаласында өтіп жатқан барлық деңгейдегі қоғамдық-саяси және мәдени іс-шараларға белсенді қатысушы, «Семей полигоны» мүгедектері мен ардагерлері қоғамдық бірлестігінің мүшесі - Ескендіров Бақытжан Нұрсерікұлы, 1970 жылы 5 тамызда Алматы облысы Кербұлақ ауданының Сарыөзек кентінде дүниеге келген.

1977–1987 жылдары Талдықорған облысы Гвардия ауданы М.И. Калинин атындағы орта мектепте білім алып, оқу орнын алтын медальмен аяқтап, 1987 жылы Ілияс Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогикалық институтының физика-математика факультетінде «Математика және физика» мамандығы бойынша оқып, 1992 жылы математика және физика пәндерінің мұғалімі біліктілігін алды.

Еңбек жолын 1992 жылы Талдықорған облысы Гвардия ауданындағы М.И. Калинин атындағы орта мектепте математика және физика пәндерінің мұғалімі болып бастады. 1994 жылдың қыркүйек айынан бастап Ілияс Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогикалық институтының жоғары математика кафедрасында оқытушы қызметін, физика-математика факультеті деканының тәрбие және ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары қызметін қоса атқарды.

2023 жылдың қазан айынан бастап қазіргі уақытқа дейін Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті КЕАҚ құрамындағы «Zhansugurov College» директоры қызметін атқарып келеді.

Мемлекеттік және қоғамдық деңгейде бірқатар марапаттармен және алғыс хаттармен марапатталған.

1994 жылдан бастап сайлау учаскелік комиссиясының жұмысына тұрақты түрде қатысып, соңғы 15 жылда учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы қызметін атқарып келеді.

Отбасында бес бала тәрбиелеп отыр.

Бақытжан Ескендіров:

– *Семей сынақ полигоны ел тарихында өшпестей із қалдырды. Жас жігіттер ол кезде Отан алдындағы борышын адал атқаруды ғана көздеді. Зардабы араға жылдар салып біліне бастады. Көптеген жігіттер мүгедек болып, біразы арамыздан ерте кетті. Енді мұндай қасірет қайталанбасын, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Әріптестеріме мықты денсаулық тілеймін!*

Өз тілшіміз

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Қала әкімінің тікелей тапсырмасына сәйкес қала әкімдігінің мәжіліс залында төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі қалалық комиссияның кезекті отырысы өтті. Жиынға қала әкімінің орынбасары Қуаныш Сейтімбетов төрағалық етті.



Отырыста Жаңа жыл мерекесі күндері мәдени-бұқаралық іс-шаралардың қауіпсіз өткізілуін қамтамасыз ету, маңызды нысандарда тәулік бойы кезекшілікті ұйымдастыру, сондай-ақ қалалық жедел ден қою тобына кіретін авариялық-құтқару қызметі бөлімшелерінің, техникасы мен көлігінің тұрақты дайындықта болуы мәселелері қаралды. Жиын барысында Төтенше жағдайлар басқармасы, Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі, Жоласушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, Тұрғын үй инспекциясы, сондай-ақ «ТАЭК» АҚ РЭС басшылары мен орынбасарларының баяндамалары тыңдалды. Комиссия төрағасы Қуаныш Сейтімбетов адамдар көп жиналатын орындарда нарықтар мен ірі сауда орталықтарында, сондай-ақ мерекелік іс-шаралар кезінде төтенше жағдайлардың алдын алуға ерекше назар аудару қажеттігін атап өтті. Мұндай жағдайлар туындаған кезде төтенше жағдайлар қызметтері, қоғамдық тәртіпті сақтау, өртке қарсы және құтқару бөлімшелері тарапынан халықты жедел хабардар етіп, дүрбелеңге жол бермей, шұғыл эвакуация ұйымдастыру және төтенше жағдайды жою бойынша жедел шаралар қабылдау жөнінде нақты тапсырмалар берді.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі



НАЗАРҒА АЛ! ӨСІМДІКТЕР КАРАНТИНІ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР



Мемлекеттік қызметтерді Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық инспекциялары көрсетеді.

Өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

3) «электрондық үкіметтің» www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер:

1) «Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкелуге фитосанитариялық сертификат беру» ;

2) «Ғылыми-зерттеу мақсатында карантиндік объектілерді (карантиндік зиянды организмдерді) әкелуді келісу»;

3) «Астық пен оның өңделген өнімдерін карантиндік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістерін тіршілік ету қабілетінен айыруды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша өңдеу және (немесе) сүректі қаптама материалын залалсыздандыру мен таңбалауды жүзеге асыратын объектілерге есепке алу нөмірін беру».

1. Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерге әкелуге фитосанитарлық сертификат беру – 2 (екі) жұмыс күн ішінде қағаз түрінде беріледі.

2. Ғылыми-зерттеу мақсатында карантинді объектілерді (карантинді зиянды организмдерді) әкелуге келісім беру – 10 (он) жұмыс күн ішінде электрондық түрде беріледі.

Өсімдіктер мен жемістерін тіршілік ету қабілетінен айыруды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша өңдеу және (немесе) сүректі қаптама материалын залалсыздандыру мен таңбалауды жүзеге асыратын объектілерге есепке алу нөмірін беру. Өндіріс объектісіне есептік нөмір беру өтініш берілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ресімделеді. Мемлекеттік қызмет қағаз түрінде беріледі.

Жоғарыда көрсетілген мемлекеттік қызметтер, яғни карантиндік және фитосанитариялық сертификаттарды беру, карантинге жатқызылған өнімнің карантиндік жай-күйін анықтау **ТЕГІН ЖҮРГІЗІЛЕДІ.**

Карантинге жатқызылған өнімдерді шығару және кіргізу бойынша туындаған сұрақтар бойынша Талдықорған қалалық аумақтық инспекциясына Біржан сал көшесі №9 хабарласуыңызға болады.
Тел.: 8(7282)32-78-19.

ФИТОСАНИТАРИЯЛЫҚ ЕСЕПКЕ АЛУ НЫСАНДАРЫН ҰСЫНУ ҚАҒИДАЛАРЫ

2002 жылғы 03 шілдедегі №33II ҚР «Өсімдіктерді қорғау туралы» Заңының 13 бабының 1-тармағының «Фитосанитарлық есеп жүргізу және есеп беру нысандарын тапсыру туралы» Ережесі және «Фитосанитариялық нормативтерді, фитосанитариялық есепке алу нысандарын, сондай-ақ оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2015 жылғы 29 маусымдағы №15-02/584 бұйрығына сәйкес, қызметі мемлекеттік фитосанитарлық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар фитосанитарлық есепке алуды жүргізеді және уәкілетті органға фитосанитарлық есептіліктің төменгі нысандарын тапсырады:

1. «Пестицидтерді, биоагенттерді өндіру және (немесе) өткізу туралы есеп» (индексі – ФУ – 1, кезеңділігі жартыжылдық).

2. «Пестицидтердің, биоагенттердің қозғалысы туралы есеп» (индексі – ФУ – 2, кезеңділігі жартыжылдық).

3. «Пестицидтерді, биоагенттерді сақтау туралы есеп» (индексі – ФУ – 3, кезеңділігі жылдық).

4. «Химиялық өңдеулер жүргізу туралы есеп» (индексі – ФУ – 4, кезеңділігі айлық).

5. «Тыйым салынған, жарамсыз болып қалған пестицидтерді және олардан босаған ыдыстарды, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын залалсыздандыру жөніндегі есеп» (индексі – ФУ – 5, кезеңділігі жылдық).

«Өсімдіктерді қорғау туралы» Заңының 19-1 бабына сәйкес: фитосанитарлық есептілікті табыс етудің толықтылығы мен уақытылығы тұрғысында фитосанитариялық есепке алу мен есептіліктің жүргізілуін және табыс етілуін бақылау ұдайы жүзеге асырылады.

Егер сұрақтар болса, Талдықорған қалалық аумақтық инспекциясына Біржан сал көшесі №9 хабарласуыңызға болады.

Тел.: 8(7282)32-78-19.

М. КУЩЕВА,

Талдықорған қалалық аумақтық инспекциясының бас маманы – өсімдіктерді қорғау және өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы

ДЕНСАУЛЫҚ ҚЫЗЫЛШАНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Қызылша кезінде кейіннен бір біріне бірігетін, қызғылт немесе қызыл дақ түрінде бөртпелер шығады. Бірінші күні бөртпе құлақтың артына, бастың шаш бөлігіне, бетке және мойынға, кеуденің жоғары бөлігіне шығады. Екінші күні бөртпе денеге және қолдың жоғарғы бөлігіне шығады. Үшінші тәулікте бөртпе аяққа шығып, бетінгерісі бозарады.

Инфекция көзі – науқас адам. Вирус ауа-тамшы жолы арқылы, сілекей тамшылары арқылы, түшкірген кезде, сөйлеген кезде таралады. Ауа ағымымен вирус айтарлықтай қашықтыққа таралуы мүмкін. Қызылшамен ауыратын науқас болған үй-жайдың ауасымен тыныс алған кезде қызылша жұғуы мүмкін. Егер адам қызылшамен ауырмаған болса және осы инфекцияға қарсы егілмеген болса, онда науқаспен байланыста болғаннан кейін негізінен жағдайдың 100%-да жұғу орын алады.

Қызылшамен ауыратын науқас айналасындағылар үшін 7-10 күн ішінде қауіпті болып табылады. Адамдардың табиғи сезімталдығы өте жоғары, ауырып сауыққаннан кейін адамдарда өмір бойына иммунитет пайда болады. Қызылшамен қайталап сырқаттану жағдайы өте сирек кездеседі.

Қызылшамен сырқаттанған кезде күрделі асқынулар пайда болуы мүмкін. Оларға өкпенің қабынуы (пневмония), орта құлақтың қабынуы (отит), кей жағдайда энцефалит (мидың қабынуы) тәрізді өте күрделі жағдайлар жатады.

Қызылшамен ауырып сауыққаннан кейін ұзақ уақыт бойы (2 айға дейін) иммунитеттің төмендеуі байқалатынын есте сақтау қажет, сондықтан бала қандай да бір суық тию немесе вирустық аурумен ауыруы мүмкін, сол себепті оны шамадан тыс жүктемеден, мүмкіндігінше-науқас балалармен қарым-қатынастан қорғау қажет.

Аурудан сенімді қорғандудың бірден бір жолы Ұлттық егулер күнтізбесіне енгізілген қызылшаға қарсы вакцинация болып табылады.

АТА-АНАЛАРҒА:

► балаларының қызылшаға қарсы егу мәртебесін тексеру, вакцинация болмаған жағдайда – қызылшаға қарсы профилактикалық егулер алу;

► қызылшаға қарсы егілмеген балалардың әртүрлі мәдени-көпшілік іс-шараларға қатысуын, ойын-сауық сауда орталықтарындағы ойын алаңдарына баруын шектеу ұсынылады.

ЗДОРОВЬЕ ВАЖНОСТЬ ИММУНИЗАЦИИ

Иммунизация (иммунопрофилактика, вакцинация) – это процесс, благодаря которому человек приобретает иммунитет, или становится невосприимчивым к инфекционной болезни, путем введения вакцины.

Защиту организма от возбудителей инфекционных заболеваний осуществляет иммунная система. Она способна защитить ребёнка от постоянно окружающих нас микроорганизмов (кишечной палочки, стрептококков и других), но не всегда в силах справиться с возбудителями дифтерии, вирусного гепатита «А» и «В», столбняка, коклюша, кори, рака шейки матки и других инфекционных заболеваний. Прививки, полученные в детстве, в большинстве случаев, создают основу иммунитета против отдельных инфекций на всю жизнь.

Вакцины защищают нас на протяжении всей жизни и в любом возрасте – сразу после рождения, в детстве, в подростковом возрасте и до самой старости. Узнайте у вашего врача, как и когда вы или ваш ребенок можете получить прививки.

Откладывая вакцинацию, мы подвергаем себя риску серьезно заболеть.

Каждый человек имеет право сделать свой выбор – прививаться или нет, но родители должны знать, что отказываясь от прививок, они лишают своих детей прав на здоровье.

Родители! Отказываясь от прививок, Вы не только лишаете защиты своего ребенка, но и подвергаете опасности других детей, а также способствуете распространению инфекционных заболеваний в обществе.

Важно подчеркнуть, что современная медицина не имеет пока более эффективного средства профилактики инфекционных заболеваний, чем вакцинация.

Вакцинация безопасна и обычно вызывает незначительные и временные побочные эффекты, например, боль в руке или небольшое повышение температуры тела, покраснение в месте укола. Возможны и более серьезные побочные эффекты, однако они встречаются крайне редко.

Любая лицензированная вакцина перед выдачей разрешения на ее использование проходит тщательную проверку в рамках нескольких фаз клинических

**ЕГЕР СІЗ НЕМЕСЕ СІЗДІҢ БАЛАҒЫЗ
АУЫРҒАН ЖАҒДАЙДА:**

► катаралды құбылыстармен (дене қызуының көтерілуі, бас ауруы, әлсіздік) байқалып және бөртпе шығып аурудың бірінші белгілері пайда болған кезде дәрігерге қаралу, қызылша ауруына тексеруден өту және оның барлық нұсқауларын орындау;

► ауыр жағдайларда жедел жәрдем шақырту;

► дәрігер келгенге дейін туыстарымен, таныстарымен және басқа адамдармен байланысты шектеу;

► жөтелген және түшкірген кезде бет ормалды немесе сулықты пайдаланып, ауызды және мұрынды жабу, қолды сабынмен жиі жуу;

► тыныс алу ағзаларының қорғаныш құралдарын (мысалы, бетперде немесе дәке таңғыш) пайдалану – өзін өзі емдемеу қажет!

ҚЫЗЫЛШАНЫҢ АЛДЫН АЛУ:

Инфекцияға қарсы күрестің ең қолжетімді және тиімді әдісі вакцинация болып табылады.

Профилактикалық егулердің ұлттық күнтізбелігіне сәйкес балаларды қызылшаға қарсы жоспарлы вакцинациялау 12 айлық кезінде және қайталап 6 жаста жүргізіледі. Қызылшаға қарсы егілгені немесе бұрын қызылшамен ауырғаны туралы мәліметтері нақты емес қызылшамен ауырған науқаспен байланыста болған адамдар вакцина алуы қажет. Қызылшаға қарсы вакциналар 20 жылға дейін сақталатын сенімді иммунитетті қалыптастырады. Вакцинация эпидемиялық ахуал төмендеген кезде жүргізілген болса да қызылшаның дамуының алдын алады.

С. АХАН,

«Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысы

Р. МЕЙНБЕКОВА,

«Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ бас маманы

исследований, а после внедрения является объектом регулярной оценки и контроля.

Национальный календарь прививок Республики Казахстан – документ, утвержденный Постановлением Правительства Республики Казахстан №612 от 20 сентября 2020г, о перечне заболеваний против которых проводятся профилактические прививки в рамках гарантированного объема медицинской помощи, правил, сроков их проведения и групп населения, подлежащих профилактическим прививкам.

Национальный календарь профилактических прививок Республики Казахстан соответствует лучшим мировым практикам, предусматривает вакцинацию против 21 инфекционных заболеваний.

Ежегодно в стране проводится вакцинация около 5 млн. чел., в том числе 1,3 млн. детей.

Вакцинация проводится обученными кадрами: врачами и средним медицинским персоналом, имеющих допуск на проведение прививочной работы.

Государство гарантирует доступность профилактических прививок, их бесплатное проведение в организациях систем здравоохранения.

Граждане при проведении вакцинации имеют право на получение полной и объективной информации о вакцине и необходимости профилактических прививок, последствиях отказа от них и возможных поствакцинальных осложнениях, на медицинский осмотр перед профилактическими прививками

Инфекционные заболевания, несмотря на развитие, укрепление и совершенствование систем здравоохранения, создание новых лекарственных средств для лечения и профилактики, способов выявления и диагностики будут существовать рядом с человеком.

Обезопасьте себя и своих близких от инфекций! Сделайте прививку!

С. АХАН,

руководитель Талдықорғанского городского управления санитарно-эпидемиологического контроля

Р. МЕЙНБЕКОВА,

главный специалист Талдықорғанского городского управления санитарно-эпидемиологического контроля



Winter fest
Отбасыға арналған қысқы мереке

Өтетін орны:
Талдықорған қ., Қалалық жағажай

Ашылуы: 27 желтоқсан
Басталуы: 12:00
Кіру – ТЕГІН
Конькиді жалға алу – 1500т.

ФЕСТИВАЛЬ БАҒДАРЛАМАСЫНДА:
Мұз айдынында сырғанау
Қысқы сырғанақтар
Ыстық сусындар
Дәмді тағамдар
Концерт

СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАР:
Футбол
Эстафета
Шорт – трек
Арқан тартыс

Ата-аналарды және балаларды шақырамыз!

Winter fest
Праздник зимы для всей семьи

Место проведения:
Городской пляж, г. Талдықорған
Дата открытия: 27 декабря 2025 года
Начало: с 12:00
Вход – БЕСПЛАТНЫЙ
Прокат коньков – 1500т.

В ПРОГРАММЕ ФЕСТИВАЛЯ:
Массовые катания на льду
Зимние горки
Сцена и концерт
Горячие напитки
Вкусная еда

СПОРТИВНЫЕ СОСТЯЗАНИЯ:
Футбол
Эстафета
Шорт – трек
Перетягивание каната

Приглашаем родителей и детей!

ДЕНСАУЛЫҚ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

119 МЫҢНАН АСТАМ ТҰРҒЫН САҚТАНДЫРЫЛМАҒАН

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысты маңызды өзгерістер қабылданды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес заңға түзетулер енгізіліп, медициналық көмектің бірыңғай пакетін қалыптастыру және әлеуметтік осал санаттағы азаматтарды қамту көзделді.



Бұл туралы брифинг барысында «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы директорының міндетін атқарушы Арыстанбек Өтеғұлов және Жетісу облысы Денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Алмағұл Кенжеғұлова мәлімдеді.

Қазіргі таңда Жетісу облысында 119 мыңнан астам тұрғын МӘМС жүйесінде сақтандырылмаған, оның ішінде 29 мыңнан астамы әлеуметтік әл-ауқаты төмен D және E санатындағы азаматтар. 2026 жылдан бастап бұл санаттағы азаматтар үшін МӘМС жарналары жергілікті бюджет есебінен төленіп, олардың медициналық қызметтерге қолжетімділігі қамтамасыз етіледі. Заң 2027 жылдан бастап медициналық көмекті қаржыландыруда сақтандырудың басым моделіне кезең-кезеңімен көшуді көздейді. Бұл ретте медициналық қызметтер тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне біртіндеп ауыстырылады.

Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында 2026 жылғы қаңтардан бастап МӘМС жүйесіне жарналар мен аударымдардың жоғарғы шегі қызметкерлер үшін 20 ең төменгі жалақы, жұмыс берушілер үшін 40 ең төменгі жалақы деңгейінде белгіленеді. Бұл қызметкерлер үшін айына шамамен 34 мың теңге, ал жұмыс берушілер үшін 102 мың теңгеге дейінгі ең жоғары аударымдарды құрайды. Нәтижесінде МӘМС пакетінің кіріс бөлігі жыл сайын шамамен 200 млрд теңгеге ұлғаяды.

Сондай-ақ, 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік әл-ауқаты дағдарыстық және шұғыл деңгейдегі азаматтар үшін МӘМС жарналарын төлейтін болады. Бұл жүйеден тыс қалған шамамен 1 млн-ға жуық адамның қажетті медициналық қызметтерге қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар жарналар мен аударымдардың жоғарғы шегі ұлғайып, МӘМС жүйесінің кірісі жылына шамамен 200 млрд теңгеге артады. Мемлекет жарналары 2037 жылға дейін кезең-кезеңімен өседі.

Заңдағы маңызды жаңалықтардың бірі – сақтандырылған мәртебені сақтау мерзімінің ұзартылуы. 2026 жылдан бастап азаматтар уақытша қаржылық қиындықтар туындаған жағдайда МӘМС мәртебесін 6 ай бойы сақтай алады. Бұған дейін бұл мерзім небәрі 3 ай болған. Сонымен қатар, соңғы 5 жыл ішінде үздіксіз жарна төлеген азаматтар уақытша төлемдер тоқтаған жағдайда да алты ай бойы сақтандырылған болып қала береді.

Бұл өзгерістер МӘМС жүйесіне тұрақты қатысатын азаматтарды қолдауға және халықты медициналық қызметтермен барынша қамтуға бағытталған.

Арай НҰР

ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІ БОЙЫНША ОҢАЙЛАТЫЛҒАН ДЕКЛАРАЦИЯ НЕГІЗІНДЕ ЖАҢАРТЫЛҒАН АРНАЙЫ САЛЫҚ РЕЖИМІНЕ КӨШУ



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Жаңа Салық кодексінің күшіне енуіне байланысты және қазіргі уақытта оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілерге арнаулы салық режимдеріңгері өзгерістерді ескере отырып, бөлшек салық, сондай-ақ белгіленген шегерімді пайдаланатын режим, қолданылатын салық салу режимі туралы хабарламаны ұсыну қажет.



Оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану үшін салық төлеушілер 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап 1 наурызға дейінгі кезеңде (өтпелі кезең) жаңа Салық кодексінің 840-бабының ережелеріне сәйкес осы режимге көшу туралы хабарлама ұсынуы қажет. Мұндай хабарламаны ұсынған салық төлеушілер 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап оңайлатылған декларация режимін қолданатын болып танылады.

Жаңа Салық кодексі шеңберінде мұндай хабарламаны беру 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолжетімді болады. Хабарламаны автоматты түрде беру жүзеге асырылады:

1) салық төлеушінің кабинетінде «Салықтық әкімшілендірудің интеграцияланған жүйесі» ақпараттық жүйесінде «құжаттарды тапсыру» бөлімінде «қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама» қолжетімді болады, оны салық төлеушілер өздерінің ЭЦҚ-сына қол қою арқылы және «E-Salyq Business» мобильдік қосымшасы арқылы жібере алады;

2) ірі банктердің банктік қосымшаларында.

Сонымен қатар, хабарламаны салық төлеушінің орналасқан жері бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасына қағаз түрінде ұсыну мүмкіндігі де қарастырылған.

Салық төлеушілерді ақпараттандыру мақсатында Мемлекеттік кірістер комитеті іс-қимылдардың қадамдық алгоритмі бар оңайлатылған декларация негізінде арнайы салық режиміне көшу үшін көрсетілген хабарламаны ұсыну қажеттілігі туралы салық төлеушілердің жаңа кабинетіне push-хабарлама жіберетін болады.

Ағымдағы жылы арнаулы салық режимдерін қолданатын баяндалған салық төлеушілерге байланысты қызметті одан әрі жүзеге асыру үшін тиісті салық салу режимін таңдау туралы шешім қабылдау қажет.

Мемлекеттік кірістер комитеті өтпелі жағдайды, оның ішінде МКК колл-орталықтары арқылы түсіндіру бойынша жан-жақты көмек көрсетеді.

Салық төлеушілерге салық салудың оңтайлы режимін таңдау туралы шешім қабылдауға және жеңілдетілген декларация негізінде арнайы салық режиміне көшу туралы хабарламаларды уақтылы ұсынуға кеңес береміз.

Бұл тегіс ауысуды қамтамасыз етуге және салық салудың жалпыға бірдей белгіленген тәртібін автоматты түрде қолданудан аулақ болуға мүмкіндік береді.

Жетісу облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаменті

МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ МОНИТОРИНГ ЖОСПАР – КЕСТЕСІ БЕКІТІЛДІ

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департамент басшысының 2025 жылғы 18 желтоқсандағы №11-НҚ бұйрығымен 2026 жылға арналған квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің мониторинг жоспар – кестесі бекітілді.

Мониторинг объектілерінің тізіміне Жетісу облысының 41 квазимемлекеттік сектор субъектісі кірді. Аталған мониторинг 38 білім саласында, 2-сүмен жабдықтау саласында, 1-сараптау саласына қатысты жүргізілетін болады.

ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің
Жетісу облысы бойынша департаменті

УТВЕРЖДЕН ПЛАН-ГРАФИК МОНИТОРИНГА ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ПРЕДПРИЯТИЙ

Приказом руководителя Департамента Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу утвержден план-график мониторинга деятельности субъектов квазигосударственного сектора на 2026 год.

В перечень объектов мониторинга включен 41 субъект квазигосударственного сектора области Жетісу. Мониторинг будет проведен в отношении 38 субъектов в сфере образования, 2 — в сфере водоснабжения, 1 — в сфере экспертизы.

Департамент Агентства
по защите и развитию конкуренции РК
по области Жетісу

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Сыбайлас жемқорлық – өте қауіпті және әлеуметтік зұлымдық көріністердің бірі болып табылады. Бұл құбылыс – тек Қазақстанда ғана емес, әлем бойынша тамыр жайған дерт.

Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіретін, дамуын тежейтін осындай зиянды әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолданылып жатыр. Мемлекеттік міндеттерді атқаратын, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық мәртебесі және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өздері немесе туыстары арқылы заңда көзделмеген мүлктік пайда мен артықшылықтарды алу, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңсыз әрекеттер жасау сыбайлас жемқорлық болып есептеледі.

Жемқорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделін төмендетеді, заңдағы қағидаларды тәркілейді, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына әкеледі. Егер сіз мемлекеттік қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністеріне куә болсаңыз немесе

заңсыз әрекеттердің өзіңізге қатысты екенін сезсеңіз, онда сізге Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бірыңғай Сайт-орталығы арқылы тегін 1424 нөмірі бойынша хабарласу қажет.

Сыбайлас жемқорлықпен күресудің басты бағытының бірі – оның алдын алу болып табылады. Осы мақсатта ҚР АШМ АӨК МИК Талдықорған қалалық аумақтық инспекциясында ай сайын жиын өткізіліп тұрады, қызметкерлер оның ашық әділ ортада жүргізілуін қамтамасыз етеді.

Инспекция тарапынан көрсетілетін қызмет түрлері белгіленген стандартқа сай жүргізілуі басты назарда. Негізгі міндет – халыққа сапалы қызмет көрсету болып табылады. Инспекция басшысының азаматтарды қабылдау кестесі көрсетілген, ұсыныстар үшін хат жөшігі қойылған. Барлық қызметкерлер жемқорлыққа қарсы күрестің жан-жақты, үздіксіз, ашық әрі әділетті түрде жүргізілуі тиіс екенін жетік түсінеді.

Ф.ДАРЫБАЕВА,
Талдықорған қалалық аумақтық
инспекциясының басшысы

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС



ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА
ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02
E-mail: taldyk@bk.ru

Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 050 дана.
Тапсырыс №1314 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

- Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.
- Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.
- «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
- «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.
- Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.
- Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
- Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.